

Качир ауданы Песчан ауылдық округі Песчан ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Песчан ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 6 наурыздағы № 6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 наурызда № 5409 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Песчан ауылдық округі Песчан ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Песчан ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Качир ауданы Песчан ауылдық округі Песчан ауылының мына көшелері:
"Новостройка" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі болып;
"Октябрьское" көшесі "Фарид Қақабаев" көшесі болып;
"50 лет Каз ССР" көшесі "Жұмаділдә Әбілқайыров" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Песчан ауылдық
округінің әкімі*

А. Дуйсембаева